

**«Педагог-ұйымдастырушының кәсіби құзыреттілігін жетілдірудегі
инновациялық технологиялары»,
"Инновационные технологии в совершенствовании профессиональных
компетенций педагога-организатора»**

**педагог-ұйымдастырушылардың біліктілікті арттыру курсының
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Тыңдаушылар санаты:
қазақ, орыс мектептеріндегі
педагог – ұйымдастырушылары**

Сағат саны: 80

**«Педагог-ұйымдастырушының кәсіби құзыреттілігін жетілдірудегі
инновациялық технологиялары»,
"Инновационные технологии в совершенствовании профессиональных
компетенций педагога-организатора»
педагог-ұйымдастырушылардың біліктілікті арттыру курсының
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беру мекемелерінің мектептегі педагог-ұйымдастырушыларының біліктілігін арттыру «Педагог-ұйымдастырушының кәсіби құзыреттілігін жетілдірудегі инновациялық технологиялары», "Инновационные технологии в совершенствовании профессиональных компетенций педагога-организатора» тақырыбындағы қазақ, орыс мектептеріндегі педагог – ұйымдастырушылардың біліктілікті арттыру курсы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беру мекемелерінің педагог-ұйымдастырушыларды оқытуды регламенттейді.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Оқу барысында тыңдаушылар бағдарламаның бөлімдерімен танысып оқу қағидаттары және табысты қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жан-жақты зерделенеді.

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы білім беру аясындағы мемлекеттің саясатының негізгі қағидаларына, ҚР Президенті «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы №483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы аясында, ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы т.б. құқықтық және нормативтік құжаттарға сәйкес құрастырылған. Курс қалалық және аудандық жалпы білім беру мекемелерінің мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының құзыреттілігін қалыптастыру бағытында құрастырылған.

Біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтердің негіздемесі:

"Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 384 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29446 болып тіркелді

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.

3. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді

4. "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 286 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 маусымда № 23008 болып тіркелді

5. «"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда № 26280 болып тіркелді

6. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 наурызда № 27233 болып тіркелді

7. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

8. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен

шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қарашада № 25208 болып тіркелді

9. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29326 болып тіркелді;

10. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

11. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 шілдеде № 17209 болып тіркелді

2-тарау ГЛОССАРИЙ

Рухани - адамгершілік тәрбиесі - өмірге адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін құндылықты қатынасты қалыптастыру. Рухани тәрбие - борыш, әділеттік, шындық, жауапкершілік, т.с.с. адамның ісі мен ойына жоғары мән бере алатын қасиеттерді тәрбиелеу.

Құндылық — белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі.

Құқық – мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы. Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

Толеранттық— басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті.

Гуманизм— адамның кісілік қадір-қасиетін, адамның еркіндігін, адамның бақытқа құштарлығы мен талпынысын, адамның құқы мен жауапкершілігін, арын, намысын, мейірбандығы мен қайсарлығын, адамның жасампаздығын - яғни адамның барша адами қасиеттерін ұлықтайтын, даралығы мен дамуын дәріптейтін идея.

Бәсекелік қабілет- ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, немесе сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы

Құзырет– кез келген адам жақсы білетін сұрақтар шеңбері

Талдау - бұл тұтас нысанды (пән, тақырып, құбылыс, үдеріс) ойша немесе материалдық тұрғыдан үйрену үшін құрамдас бөліктерге бөлу шарасы

Прагматизм- шапшаң әлеуметтік өзгерістер кезеңінде дүниеге келген практикалық философия, ол парасатты ой мен логикалық әдісті практикалық істермен астастыруға тырысып, тәжірибеге жүгінеді

Ұлттық бірегейлікті сақтау - ұлттық код, салт-дәстүр, қазаққа ғана тән асыл қасиет, қанмен берілетін ұлтқа деген адалдық.

Сананың ашықтығы- зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз

3 Бөлім. Бағдарламаның тақырыптары

№	Тақырыптар	Дәріс	Дәріс-диалог	Іскерлік ойын	Практикалық жұмыс	Тренинг	Семинар	Таныстырылым	КТС	Қортынды тестілеу	БАРЛЫҒЫ
1	2	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1.	Нормативтік-құқықтық модуль	4	2		2						8
1.1	Білім беру саласындағы ұлттық басымдықтар. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы мәнмәтінінде педагог-ұйымдастырушының құзыреттілік деңгейін арттыру		2								2
1.2	Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-ІІІ. (24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді)	2									2
1.3.	ҚР Конституциясы, ҚР"Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және ҚР білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері; педагогикалық этиканың нормалары; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұны мен құрылымы; еңбек заңнамасының негіздері, ішкі еңбек тәртібінің, еңбек	2			2						4

ЖШС «Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы»

	қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар;										
2.	Психологиялық-педагогикалық модуль	2			2	4					8
2.1	Тәрбие мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу					2					2
2.2	Тұлғааралық өзара қарым-қатынас психологиясы - оқушының тұлғалық қалыптасуының негізі ретінде қалыптасуының негізі. Тұлғааралық қарым-қатынастар талдауы. Көшбасшының топқа әсері.					2					2
1	2	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2.3	Патриотизм және көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуының психологиялық-педагогикалық негіздері	2									2
2.4	Әдістемелік нұсқаулық хаттармен жұмыс				2						2
3.	Мазмұндық модуль	4			8	14	2	6	8	2	44
3.1	Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары	2									2
3.2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері					2	2				4
3.3	Мектептегі тәрбие үдерісін ұзақ мерзімді (ҰМЖ), орта мерзімді (ОМЖ), қысқа мерзімді (ҚМЖ) жоспарлау («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен)				2	2					4
3.4	Педагогика тарихында және заманауи кезеңде патриоттық және көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу негіздері. Мектептің тәрбие кеңістігінде оқушылардың көшбасшылық әлеуетін дамыту. Көшбасшылық сатылары. Көшбасшылықтың қағидаттары мен стильдері. Айқын және көмескі көшбасшылық.				2	2					4
3.5	Витагендік педагогика теориясында тұлға тұжырымдамасының қалыптасуы. Шетелдегі	2				2					4

ЖШС «Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы»

	балаларды көшбасшылық пен патриотизмге тәрбиелеу тәжірибесі.										
3.6	Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру. «Екі апта ауылда» және «Ата-анасының кәсіпорнындағы он күн», «TEDxNIS» клубы және «Оқиға орнынан репортаж», «Wikipedia» - өз Отанының патриоты мен азаматын тәрбиелеу құралы. («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен)				2	2		2			6
3.7	Білім беру үдерісінде патриотизм мен көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, оқу және тәрбие үдерістерін кіріктіру								4		4
3.8	Тәрбие үдерісінің рефлексиясы. М.И.Шилова, Н.П.Капустин, Е.Н.Степановтардың әдістемесі бойынша тәрбиелік деңгейінің диагностикасы.					2					2
3.9	Педагогикалық диагностикалау рәсімі (қалыптастырушы және белгілеуші критериялды бағалау карталары, тестілеу, сауалнама алу, қадағалау, сұхбат алу) («НЗМ» ААҚ тәжірибесінен)					2					2
3.10	Сыныптан тыс іс-шараны талдау және өздік талдаудың жаңа тәсілдері. Өзара және өзін-өзі бағалау				2						2
3.11	Мемлекет, мектеп және отбасының ынтымақтастығы және өзара әрекеттестігі-оқушыларды патриоттық тәрбиелеу және дамыту тиімділігінің көрсеткіші								4		4
1	2	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
3.12	Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасқандық деңгейін анықтау (тәрбиелік іс-шаралардан үзінділер, тестілеу).							4		2	
4.	Технологиялық модуль			2	2	2			4		12
4.1	Д.Карнегидің көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру технологиясы (А.С.Белкин бойынша)					2					2
4.2	ҚР-ның білім кеңістігіне мұражайлық педагогиканы кіріктіру- өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру құралы				2						2

ЖШС «Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы»

4.3	Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы И.П.Ивановтың ҰШЖ (ұжымдық шығармашылық жұмыстар) технологиясы			2						2	
4.4	Сын тұрғысынан ойлау - білім мазмұнын жаңарту жағдайында тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізі (Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мереди́т).				2					2	
4.5	Білім мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру: «AI», «Padlet», «Google Диск».							2		2	
4.6	Заманауи мектептегі мабильдік және смарт оқыту							2		2	
5.	Вариативтік модуль				4	2	2			8	
5.1	Қазақстан Республикасында және шетелде полимәдениетті тәрбиені дамыту және толеранттылық. Сабақта және сабақтан тыс уақытта толеранттылыққа тәрбиелеу						2			2	
5.2	Мектепте оқушылық өзін-өзі басқару арқылы көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу				2					2	
5.3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері				2					2	
5.4	Заманауи педагогтің жеке бренді, көшбасшылығы және бәсекеге қабілеттілігі					2				2	
Барлығы:		10	2	2	20	22	4	6	12	2	80

4-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарлама мақсаты: ұйымдастырушы - педагогтың өз міндетін атқару барысында, тәрбиеленушілердің таланттарын көрсете білетін, белсенді әлеуметтік өмір сүре алатын, сабақтан тыс жұмыстармен айналысатын тәрбие процесін құра алатын бағыттар бойынша бағдар беру.

Бағдарламаның міндеттері:

Білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту.

- Білім алушыларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу.

- Өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымды қалыптастыру.

- Мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, өз халқы мен басқа Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасау.

- Жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру.

- Қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру.

Тыңдаушылар курс соңында:

- курсты аяқтаған кезде біледі: ғылыми тұрғыдан тәрбие жұмысының мақсаты, мазмұны құрылысын;

- курсты оқыту барысында белсенді оқытудың әдістемесін, оны қолданудың түрлері және тәсілдерін;

- инновациялық технологияны пайдалану жолымен білім берудің әдістемелік жүйесін жаңарту үрдісінің мәнін;
жасай алады

- оқытуда белсенді оқыту стратегиясын пайдалануды;

- оқу үрдісін ұйымдастыруда әр-түрлі деңгейдегі сұрақтарды қолдануды;

- педагогикалық (сыни ойлау, АКТ–ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) классификациясын жасай білу;

- сабақты жоспарлау барысында өзін-өзі және өзара бағалау жолдарын;

- оқушыларға тақырып мазмұнын меңгертуде өзара әрекеттесу мен әрекетке түсуде.

қолдана алады

- белсенді оқытуды;

- педагогикалық инновацияларды қабылдауды, өзінің жеке шығармашылығын, кәсіби күзіреттілігін көтеру дағдыларын;

- жұмыс барысын жоспарлауда Блум таксономиясын қолдану және сыни ойлауға құрылған әрекеттерді ұйымдастыру жолдарын

5-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

1. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1. Нормативтік-құқықтық модуль.
2. психологиялық-педагогикалық.
3. мазмұндық.
4. технологиялық;
5. вариативтік

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.

Модуль Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қолдану бойынша педагог-ұйымдастырушының кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Модуль 2. Білім беру процесінде педагогика мен психологияның заманауи әдістерін қолдану бойынша педагогтердің практикалық дағдыларын дамыту туралы мәліметтер бар. Мектептегі ақыл-ой, әл-ауқатын сақтау және нығайту мәселесіне ерекше назар аударылды.

Модуль 3. Жеке дара тұлғаның сапасын арттыру контексінде дамыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен әдістерін жетілдіру. Курстың тақырыбын, зерттелетін материалдың теориялық-әдіснамалық негіздерін, оларды практикалық қолдану әдістемесін, білім алушылардың әртүрлі санаттарын, оның ішінде инклюзия жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту технологияларын ашады.

Білім алушылардың ұлттық тәрбиесі идеясының құндылықтарын қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық технологияларды, тәрбие нысандары мен әдістерін, білім алушылардың тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру үшін проблемалық оқыту әдісін (PBL) пайдалану ерекшеліктерін, білім алушылардың тәрбие процесінде негізгі құзыреттіліктерін дамыту құралы ретінде ұрпақтардың сыйластығын қарастыру ұсынылады. Қазіргі әлемде бейімделу үшін маңызды дағдылардың тізімін талқылау ұсынылады.

Модуль 4. Технологиялық. Модульде Д.Карнегидің көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру технологиясы (А.С.Белкин бойынша). ҚР-ның білім кеңістігіне мұражайлық педагогиканы кіріктіру - өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру құралы ретінде қарастырылған. Модуль білім беру процесінде IT-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларды дамытуға және "AI", "Padlet", "Google Drive" бағдарламаларымен жұмыс істеу дағдыларын өзектендіруге бағытталған. Тәрбие процесін ұйымдастыру үшін Google-дің цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану тиімділігі туралы материалдар бар.

Модуль 5. Вариативтік. Қазақстан Республикасында және шетелде полимәдениетті тәрбиені дамыту және толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған. Сабақта және сабақтан тыс уақытта толеранттылыққа тәрбиелеу, мектепте өзін-өзі басқару жүйесі арқылы көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген,

Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінде тақырыптар қарастырылады. Заманауи педагогтің жеке бренді, көшбасшылығы және бәсекеге қабілеттілігі қалыптасатын сұраулар бойынша жұмыс жүргізіледі. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

6-тарау. Білім беру процесінің нәтижелерін бағалауды ұйымдастыру

Бұл бөлім оқу процесінің форматын, сағат санын және оқыту нысандарын сипаттайды. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарлама күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарлама, оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 48 сағат, қашықтықтан оқу – 20 сағат, өз бетімен оқу – 12 сағат.

Білім беру үдерісінің күндізгі және қашықтан оқуын ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, кіріс, аралық, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Білім беру процесі оқу мен оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ қашықтан оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін кіріс және шығыс сауалнамасы жүргізіледі, шағын сабақ/жоба жұмысын қорғау мен қорытынды тест алынады.

7-тарау. Нысандары мен әдістері

Бөлімде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған. Бағдарламаны іске асыру үшін дидактикалық көзқарасты сипаттайды Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері,

бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Оқу үдерісінде тыңдаушылар Бағдарламаның барлық модульдерінің мазмұны және оқу қағидаларымен танысады. Білім беру үдерісінің оқу және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі маңызды. Сабақты сәтті ұйымдастыруға тиісті әдіс-тәсілдер және дағдылар туралы біледі. Тарих пәні мұғалімдері үшін қажетті болып табылатын талдау стратегияларымен танысады. Деректермен жұмыс істей білудің маңыздылығын түсінеді. Оқыту барысында алынған білім мен ақпаратқа негізделген тиімді жоспарлау әдістерін ұсынуға мүмкіндік беріледі.

Оқытушы әр күннің сабақтарын талдауға назар аударуы керек, оларға шолу жасау керек, сонымен қатар кейінгі сабақтарды мұғалімдердің қажеттіліктеріне сай өзгертіп, бейімдеуі керек.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілік арттыру жүйесіндегі АКТ енгізу келесі үдерістерді арттыруға бағытталған: білім беру үдерісінің тиімділігі: ақпараттық ресурстарды пайдалану, Интернет желісінің ақпараттық-телекоммуникациялық қолжетімділігі;

[https:// center-nit.kz](https://center-nit.kz) платформасында берілген Smart-ресурстар бөлімі; қарастырған тақырыптар бойынша электронды құжаттарды құрастыру мен өңдеу (мәтін, компьютерлік таныстырылым, бейнефайлдар, т.б.) жобаны әзірлеу; тыңдаушылардың АКТ құзыреттілігі.

Тыңдаушылардың білімін бақылау формасы: Тыңдаушылардың сапалы біліктілік арттыруын бақылау жүйесі негізгі формаларды қарастырады:

- бағдарламада ұсынылған тақырыптардың біреуі бойынша тыңдаушылардың өзіндік жұмысын бағалау;
- тәжірибеге бағдарланған жоба қорғау;
- кіру тестілеуі – тыңдаушылардың бастапқы деңгейін анықтау мен оқу үдерісін жеке бағытта ұйымдастыруды көздейді;
- шығу тестілеуі – курс бағдарламасы бойынша біліктіліктерінің қалыптасуы мен меңгерген білім деңгейін анықтауға, тыңдаушылардың өзін-өзі бақылау мен бағалау дағдыларын жетілдіру, курс аралық кезеңдегі жұмыста оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік және мазмұндық негіздерін жаңарту мақсатында алынған білімдер мен біліктерді жүйелеуге ықпал ету.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін ұлттық және халықаралық бағалауда тарих пәні және оның ішінде білім алушының сауаттылығы бойынша төмен нәтиже көрсетіп отыр. Осыған орай, тарих пәнін оқытудың заңдылықтарын ескере отырып сабақ жоспарларын талдауды, белсенді әдістер мен тәсілдерді тиімді қолдана білу, картамен жұмыс жасауды меңгеру тыңдаушылар үшін маңызды.

Сондықтан тарих пәні бойынша пәннің сапасын, әдістемелік құзыреттілігін арттыру мақсатында күрделі тақырыптар сараланып, модуль бағдарламасында тақырыптар таңдалып алынды.

Тақырыпты таңдау педагогтердің Ұлттық біліктілік тестін тапсыру кезіндегі қиындықтармен, сондай-ақ, тыңдаушылардың оқыту әдістерін таңдаумен негізделуі мүмкін.

8-тарау Оқыту нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – формативті бағалау, сондай-ақ курс аяқталғаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау білім мен дағдыларды аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ үзіндісін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде өткізіледі.

Тапсырмалар, орындау бойынша ұсынымдар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған эталондар, тапсырмаларды бағалау өлшемшарттары біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша консультация беру қамтамасыз етіледі.

Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, жақсарту орындары мен тәсілдері көрсетілген толық кері байланысты ұсынады.

Әр тапсырмада тексеру және өзін-өзі тексеру үшін орындау стандарты немесе бағалау критерийлері бар.

Жоба/шағын сабақ таныстырылымының құрылымы

Педагог-ұйымдастырушылар мектепшілік іс-шара жоспарлайды және іс-әрекеттер ретінде әртүрлі кезеңдердің үзіндісін тапсырады.

Ықшам сабақты жоспарлауға қойылатын талаптар

Мақсаты — оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық ұстанымдарды, критериалды бағалау жүйесін түсіну мен қолдануды бағалау.

1. Оқу-тәрбие мақсатына сай болуды бағалау:

- Ықшам-сабақтың мақсаты оқу-тәрбие мақсатына сай;
- Жоспарланған іс-әрекеттің ерекшелігіне бағдарлануды бағалау;
- мақсаттар SMART форматында тұжырымдалған.

2. Білім алушылардың тәрбие үдерісінде қолдау үшін қалыптастырушы бағалау:

- Тәрбие іс-әрекетінде сай белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
- Тәрбие іс-әрекетінің мақсатына жетуге ықпал ететін әдістер;

- Тәрбие процесіне білім беру субъектілерін тартуға бағытталған әдіс-тәсілдер.

3. Саралау тәсілдерін таңдау:

- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып сараланған тәрбие іс-әрекеттерді әзірлеу;

- тапсырмаларды саралау тәсілдері.

4. Бағалау критерийлері:

0- «дәлелдер ұсынылмаған», 1 – «дәлелдер әлсіз», 2 – «дәлелдер күшті», 3 – «дәлелдер өте күшті» (Максимальды балл әр критерий бойынша – 3).

Таныстырылымның ұзақтығы - 5-7 мин.

Бағалау критерийлері			
Сабактың мақсаты	Оқудың белсенді тәсілдері	Саралау тәсілдері	Критериальды бағалау
- Сабактың мақсаты оқу мақсатымен келісілген; - сабақ мақсаты пән ерекшелігіне бағдарланған; - мақсаттар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында тұжырымдалған	- тәсілдерді таңдау пән бойынша тақырып мазмұнымен анықталған; - тақырып мазмұнымен анықталған тәсілдер оқу мақсатына жетуге ықпал етеді; - тәсілдер оқу процесіне білім алушыларды тартуға бағытталған.	- тапсырмалар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып сараланған; - саралаудың әртүрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырма, дереккездер, білім алушыларды қолдау т.б.); - саралау тәсілдері әрбір білім алушылардың мақсаттарға жетуіне ықпал етеді.	- бағалау оқу мақсатына сай келеді; - формативті бағалау оқуды қолдайды; - бағалау критерийлері пайдаланылады.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспар құру, оқушыға күрделі тақырыпты түсіндіруде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, зерттелетін тақырып аясында оқушыларға арналған тапсырмаларды, жаттығуларды, шағын тренажерларды, тесттерді өз бетінше таңдау, құру.

Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т. б. түрінде жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, қорытынды тестілеуді өткізу үшін модульде оқытылатын әр тақырыпқа 15 тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді. Тыңдаушы әр тақырыпқа 3 тапсырмадан 24 тест тапсырмасынан тұратын тест тапсырады. Тапсырмаларды таңдау кездейсоқ жүзеге асырылады.

Жоба жұмысы таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер берілген:

- 0 балл – жүзеге асырылмады;
- 1 балл – ішінара жүзеге асырылды;
- 2 балл – толық жүзеге асырылды.

Жоба бойынша жоғары балл саны 20 балл.

Жоба жұмысының жиынтық бағасын дәстүрлі бағалау нормасына айналдыру үшін келесідей схема берілген:

- «5» бағасы (үздік) 17-20 балл үшін қойылады.
- «4» бағасы (жақсы) 14-16 балл үшін қойылады.
- «3» (қанағаттанарлық) 10-13 балл үшін қойылады.

Шағын сабақты бағалау критерийі

№	Бағалау критерийі	Балл
1	Сабақтың мақсаты SMART форматында құрылған.	
2	Белсенді тәсілдер барлық оқушыларды оқу үдерісіне жұмылдырған және мақсатын жүзеге асыруға бағытталған.	
3	Тәрбие үрдісіндегі нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді.	
4	Оқушылардың қажеттіліктерін ескеру. Саралау тәсілдерін қолдану	
5	Ресурстарды пайдалану, соның ішінде АКТ ресурстары	
6	Мазмұнының қолжетімділігі және қисындылығы	
7	Уақытты тиімді пайдалануы	

Шағын сабақ таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер көрсетілген:

- 0 балл – бағалау элементі жоқ;
- 1 балл – дәлелі әлсіз;
- 2 балл – дәлелі орташа;
- 3 балл – дәлелі күшті.

Шағын сабақ таныстырылымы бойынша тыңдаушылар білімін бағалау жинақталған баллды бес баллдық жүйеге айналдыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Үздік»: 19-21 балл;
- 2) «Жақсы»: 15-18 балл;
- 3) «Қанағаттанарлық»: 11-14 балл.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	Нормативтік-құқықтық;	8	4
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	2	2
3	Мазмұндық модуль	40	12
4	Технологиялық модуль	6	2
5	Вариативтік модуль	24	8
	Барлығы		30

9-тарау Курстан кейінгі сүйемелдеу

Педагог-ұйымдастырушының іс-әрекетін курстан кейінгі колдау формалары:

1. педагог-ұйымдастырушының кәсіби дамуының нәтижелерін колдау;
2. курстарды аяқтағаннан кейін бірінші күнтізбелік жыл ішінде педагог-ұйымдастырушының кемінде үш өзіндік жұмысын ұйымдастыру және өткізу;
3. біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдерін, дағдыларын тәжірибеде сәтті қолданатын педагог-ұйымдастырушылармен тәжірибе алмасу, олардың тәжірибесін қоғамда тану (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) іс-шараларына қатысу үшін тарту;
4. біліктілікті арттыру бағдарламаларын түзету.

Тыңдаушылармен курстан кейінгі колдауды жүзеге асыруға арналған байланыс құралдары:

№	Байланыс құралдары
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушылармен әр түрлі байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.) арқылы үздіксіз байланысты жүзеге асыру
2	Бірлескен жұмыс үшін «БЖИТО» https://t.me/centrnitBot , https://center-nit.kz платформасында кәсіби қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі колдауды жүзеге асыру үшін ресурстық қолдау:

№	Ресурстық қамтамасыз ету
1	«БЖИТО» https://t.me/centrnitBot платформасы, сайты https://center-nit.kz
2	Электрондық әдістемелік қор

10-тарау Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Пайдаланған әдебиет

1. "Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 384 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29446 болып тіркелді
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.
5. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте № 29767 болып тіркелді
7. "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 286 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 маусымда № 23008 болып тіркелді
9. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда № 26280 болып тіркелді
10. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 24

наурыздағы № 104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 наурызда № 27233 болып тіркелді

11. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

12. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қарашада № 25208 болып тіркелді

13. "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29326 болып тіркелді;

14. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

15. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 17 шілдеде № 17209 болып тіркелді

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы.

Негізгі әдебиеттер

1. Дорожкина Л.А. Білім беру ұйымдарының тәрбие үдерісін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар

2. Кобдикова Ж.У. Орта мектепте білім алуды технологияландыру -А., 2002 ж.

3. Сәдуақасұлы Ә. Халықтық педагогика дәстүрлері арқылы қазақ мектептерінің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары, Алматы, 2003ж.

Қосымша әдебиеттер

1. Тайтанова Н.Қ. Қазіргі мектептегі тәрбие жүйесін дамытуды басқару Алматы-2009 ж.

Интернет – ресурстар

2. <https://www.google.kz/>
3. bilimdiler.kz/ustaz/
4. kk.wikipedia.org/wiki/
5. bilim.idhost.kz/bastaush/1642...
6. kk.convdocs.org/docs/index...
7. <http://tinyurl.com/NIS-CS-Lexicon>